

## Жарғы

**Жоба атауы:**

Мүгедек балаларға арналған әткеншек

**Бастамашылар:**

- 1) Э.Танашева, Байзақ ауданы әкімі аппаратының мемлекеттік-құқықтық бөлімшесінің басшысы;
- 2) Н.Турмаханбетова, Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жуалы ауданының білім бөлімінің коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы;
- 3) О.Ибрагимов, Байзақ ауданы Үлгілі ауылдық округінің әкімі;
- 4) Ж. Абдуалиев, Байзақ ауданы Дихан ауылдық округінің әкімі;
- 5) Е. Қуатбеков, Талас ауданы Берікқара ауылдық округі әкімі аппаратының бөлімше басшысы;
- 6) О.Әділханұлы, Байзақ ауданы Сарыкемер ауылдық округінің әкімінің орынбасары;
- 7) Д.Құлыбай, Талас аудандық мәслихат аппаратының мемлекеттік -құқықтық және бақылау бөлімшесінің басшысы;
- 8) Е.Сәндібайұлы, Мойынқұм аудандық мәслихаты аппараты ММ-нің ұйымдастыру-құқық бөлімінің басшысы;
- 9) А.Шортанбаев, Сарысу ауданы, Түркістан ауылдық округінің әкімі;
- 10) М.Аябекулы, Талас ауданы әкімдігі ішкі саясат бөлімінің сектор меңгерушісі;
- 11) А.Утебаев, Байзақ ауданы Темирбек ауылдық округінің әкімі.

**Жобаның іске асырылу мерзімі**

2021 жылдың қыркүйек – 2022 жылдың мамыр айлары

<p><b>Жобаның негіздемесі</b></p>	<p>1. Қазақстан Республикасында мүгедек адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және тұрмыс сапасын жақсарту жөніндегі 2025 жылға дейінгі ұлттық жоспарды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 28 мамырдағы № 326 қаулысы.</p> <p>2. Аудандағы саябақта таза ауамен серуендеуге қолайлы жағдай жасау, Байзақ ауданы Сарыкемер ауылы, жаңадан бой көтерген Орынқұлов саябағын ары қарай көркейту, абаттандыру мақсатында мүгедек балаларға қолайлы орта қалыптастыру мақсатында өткеншептер орналастыру.</p> <p>Статистика:  2019 – 111 бала, 109-ата-ана;  2020 ж – 109 бала, 109 ата-ана;  2021 ж – 109 бала, 109 ата-ана.</p>
<p><b>Жобаның өнімі</b></p>	<p>1. Мүгедек балаларға қолайлы орта қалыптастыру;  2. Әлеуметтік саладағы инновациялық жоба.</p>
<p><b>Жобаның SMART мақсаты</b></p>	<p>Ауданда мүгедек балалар үшін салауатты өмір салтын жүргізу үшін жағдайларды қамтамасыз ету;</p> <p>жазғы уақытта бос уақытты өткізуге тарту;</p> <p>Әлеуметтік әріптестермен (ата-аналар, қоғамдық ұйымдар, спорт ұйымдары, жергілікті кәсіпкерлер, жергілікті өзін-өзі басқару органдары) өзара іс-қимыл жасау үшін жағдай жасау;</p> <p>Қаржылық салымдарды қажет етпейтін физикалық сауықтырудың баламасы;</p>

	Ауданда мүгедек балалардың күш, төзімділік, ерік сияқты көрсеткіштерді дамытудың жаңа тәсілі.
<b>Жобаның міндеті</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1) Өткеншектердің 100% сапалы болуы;</li> <li>2) Баланстағы мекемелерден рұқсат алу;</li> <li>3) 100% тиісті қаражатты қарастыру;</li> <li>4) Жеке кәсіпкерді, мемлекеттік жеке меншік серіктестікті анықтау.</li> </ol>
<b>Жоба сәттілігінің критерийлері</b>	Мүгедек балаларға қолайлы жағдай жасау, ата-аналарға жақсы көңіл-күй сыйлау, ерекшеліктеріне сәйкес, мерзімінде, бюджет шеңберінде, Тапсырыс беруші мен пайдаланушылардың талаптарына (күтулеріне) сәйкес.
<b>Стейкхолдерлер</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Ауданы әкімдігінің тұрғын үй коммуналдық шаруашылық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдар бөлімі;</li> <li>2. Аудан әкімдігінің сәулет, қалақұрылысы және құрылыс бөлімі</li> <li>3. Сарыкемер ауылдық округі әкімі аппараты;</li> <li>4. Байзақ ауданы әкімдігінің экономика және жоспарлау бөлімі;</li> <li>5. Халық.</li> </ol>
<b>Жобаның шектеулері</b>	Уақыт бойынша шектеу, қаржы көзін шектеу.
<b>Жоба тәуекелдері</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Техникалық ақаулардың орын алуы.</li> <li>2. Ауа райының қолайсыздығы.</li> <li>3. Бюджеттегі қаржының тапшылығы.</li> <li>4. Құрылыс заттардың қымбаттауы.</li> <li>5. Тұрғындардың қызығушылығын тудырмауы.</li> </ol>